




Автор: Калиева Гулдана Жумабаевна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Тіл және қарым-қатынас
Тақырып: Сөйлеу тілінің қажеттілігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Т/А3 Мәтіннен ақпаратты анықтау. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар - Мәтін мазмұнын түсінеді; - негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алады. Көптеген оқушылар - Мәтін мазмұнын толық түсінеді; - негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. Кейбір оқушылар - Мәтін мазмұнын терең түсінеді; - негізгі және қосымша ақпарат екенін дәлелдей алады.
Тілдік мақсаттар:	Пән лексикасы және терминология: құндылық, аманат, қарым –қатынас, қажеттілік, теріскен Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: сөйлеу арқылы, күнделікті өмір, кеңес беру, басты құрал
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады..
Бағалау критерийлері:	- Мәтін мазмұнын толық түсінеді; - негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық: жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру, сындарлы тіл табу, қарым-қатынас орнатуда сыни тұрғыдан ойлану сынды қасиеттерді қамтиды.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcncr0bE https://tagul.com/cloud/20
Пәнаралық байланыс:	Қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	Алдыңғы біліммен байланыстыру: «АКРОНОМ» әдісі арқылы байланыстырылады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (10 минут)</p>	<p>Ұйымдастыру: -оқушылардың сабаққа қатысын тексеру; - сабақ мақсатымен таныстыру; «АКРОНОМ» әдісі Оқушылар қасында отырған жұбымен бірге берілген сөзден сабақ тақырыбына қатыстысөйлем немесе мақал\өлең жазады (ауызша орындауға да болады) Т- І - Л - Мысалы: Тілді Ілгерілету үшін Лауазымды тұлға болудың қажеті жоқ. Оқушылар өз нұсқаларын сыныпқа таныстырады. Кері байланыс: Тапсырманы орындау қаншалықты жеңіл\күрделі? Неліктен?</p>	<p>Дереккөздер Келесі қысқартуларды қолданыңыз: МН =Мұғалімге арналған нұсқаулық МЖ = Мұғалім жасаған ӨД = өзге дерек көздері</p>
<p>Сабақтың ортасы (20)</p>	<p>С.Тыңдалымалды тапсырма. Оқушылар шарда берілген 3 тақырыптың бірін таңдап, тыңдалым мәтіні не туралы екенін болжайды. Дәлелдер келтіре отырып, өз ойларын жеткізеді.</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Оқушыларға бағалау критерийі мен дескриптор таныстырылады.</p> <p>Бағалау критерийі: Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.</p> <p>Дескриптор: Негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып жазады Өз пікірін дәлелдейді</p> <p>Тыңдалым кезіндегі тапсырма. https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcnr0bE Оқушылар дәптерлеріне орындайды: Ж.Маңыздылық аймағы Ішкі шеңберге- негізгі ақпараттар Сыртқы шеңберге- қосымша ақпараттар</p> <p style="text-align: center;">ЖЖ.</p> <p>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. «6 Неліктен?» әдісі Оқушылар өздерінің жазған ақпараттарының негізгі және қосымша ақпарат болатынын дәлелдер келтіре отырып, өзара талқылайды. Мысалы: 1-оқушы: Сөйлеу тілі арқылы біз күнделікті хабарларды жеткізіп отырамыз – негізгі ақпарат. 2-оқушы: Неліктен бұл негізгі ақпарат бола алады? 1-оқушы: Себебі мәтіннің негізгі айтайын деп тұрған ойы осы сөйлеммен тікелей байланысты. 2-оқушы: Неліктен осы сөйлеммен тікелей байланысты?.. Ф.Мұғалім оқушыларды бақылайды, бағыт береді, журналына комментарий жазады.</p>	
<p>Сабақтың соңы (5)</p>	<p>"Бес саусақ" әдісі</p>	
<p>Рефлексия (5)</p>	<p>Рефлексия: Ризамын... (өзіңіз орындаған қай жұмысқа ризасыз?) Ойланамын... (бүгінгі сабақ бойынша не туралы ойланасыз?) Түзетемін... (бүгінгі орындаған тапсырмаңыз\ сабаққа қатысыңыз бойынша нені түзетесіз?)</p>	